



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## **ХАНКЕЛДІ ӘБЖАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ**

**Алшынбаева Мереке Айдосқызы**

alshynbaeva\_mereke696@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

I курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - Т.С.Садықов

Алаш партиясының қызыметі өзінің алдыға қойған биік мұраттарының арқасында заманның ауыр жүгімен арпалысып, қазақ елінің 1991 жылғы азаттыққа қол жеткізуіне идеялық тұрғыдан демеу бергені барша жұртқа мәлім. Қайнар жұмыстардың басы-қасында ұлттық ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның өкілдері тұрды. Дәлірек айтатын болсақ, «Алаш» көшбасшыларының қосқан үлесі теңдесіз екені рас. Алаш үкіметінің әр бір мүшесі өзін ерекше тұлға ретінде көрсете алды. Қазақтың ұлттық санасын оятуда, мәдениеті мен білімін арттыру барысында олардың әрқайсысы мейлінше үлес қосты. Алаш үкіметі мүшелерінің белсенді азаматтық ұстанымдары патшаның отаршылдық басқаруына қарсы күрес жолындағы қазақ жұртының құқын қорғауда анық аңғарылды.

Уақыт өткен сайын Қазақстанның тәуелсіздік алуының бастауы болған Алаш партиясы көшбасшыларының алдында борышымызды өтеудің қажеттілігі айқын көрінеді.

Осыған орай еліміздегі білікті тарихшы ғалымдардың көптеген зерттеу жұмыстарына арқау болған тақырыптың бірегейі, алаш қайраткерлерінің тағдыры болмақ. Сондай тақырып негізінде, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тағдыры, қоғамдық-саяси көзқарастары мен қызметі жайлы озық ойлары мен ұтымды ұсыныстарын білдіріп жүрген Ханкелді Махмұтұлы Әбжановты ауыз толтыра айта аламыз. Академиктің «Алаш және ұлттық идея», «Миссия интеллигенции», «Алаш зиялысы», «Алаш аманаты және ұлттық идея» атты мақалаларында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, М.Тынышбаев, С.Сәдуақасов т.б. тұлғаларға арналған зерттеулерін кездестіре аламыз.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы үмітінен күдігі басым өзгерістер мен қайшылықтарға толы кезең болғаны бәріне мәлім. Осы тұста торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрген сүйреген күш олда Алаш қозғалысы болатын. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері Ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақпаев, С.Лапин, Б.Қаратаев сынды дүлділдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдылық сомдаған болатын [1].

Қ.Кемеңгерұлының 1920 жылдар басында Ә.Бөкейхановты: «Білімімен Еуропаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп, құрдас болған», - деуінде тарихи шындық бар. Біз білетін көкірегі ояу, асыл тұлғалар еуропалық біліммен білгендерін толықтыра түскен еді.

Алайда XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бәрішетенен періште болды деуге келмес. Себебі М.Дулатов жазғандай «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, пара алып, жылтыр түйме таққанына мәз болып, халқымыздың қанын сорып, болыс болып, ел бүлдіріп, тыңшы болып жүргендер» қай аймақтан болсын табылатын болған. Осындай арам пиғылды халық арасынан шыққан дүниеқұмарларды патша билігі өзінің жүргізген саясатына оңды пайдалана білді.

Ғалымның зерттеулеріне сүйенетін болсақ, Алаш қозғалысына мұрындық болған оқығандар мен зиялылар саны көп емес. Патшалық құрылыстың соңғы 30-40 жылдың ішінде 5 миллион қазақтан 100-ден астам ғана жоғары дәрежелі білім иесі шығыпты. «Алаш» партиясы қатарына кіргендер 300 мүшеге жетер жетпес. Алайда бұл көрсеткіштегі партия мүшелері

жүзден жүйрік, мыңан тұлпар шыққандар екені сөзсіз. Алаш зиялылары қарақан басының қамын күйттемей, ұлт азаттығын ұлы мақсатқа айналдырды. Ұлт мүддесін ту етіп көтерген Алаш зиялылары қазақ қоғамын отарлық езгіден алып шығатын, дамып кеткен елдер қатарына қосатын жолдарды іздеуде кірпік қақпай еңбек еткен болатын.

Ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ұлы істерге жұмылдырған, қоғамдық-саяси, шығармашылық ізденістеріне негіз қалаған ұлттық идеяның бастау-бұлағы, біріншіден, туған халқының бұлыңғыр болашағы, жан төзгісіз ауыр халы, екіншіден қайшылыққа белшесінен батқан Ресейде либерализмнің күшеюі, үшіншіден әлемде ұлт-азаттық қозғалыстың жандануы болса, мәні мен міндеттері 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы тұсында жүйеленді. Сонымен қатар, Х.Әбжанов зерттеулеріндегі ұлттық идеяның мән-мазмұны қандай екеніне тоқтала кетейін. Жалпы ұлттық идеяның мазмұны мен маңызы тереңде жатқаны бәрімізге мәлім. Жақсы менен жайсаңның басын өлімге байлаған XVIII ғасыр Аблай хан дүние салуымен қазақтың маңдайындағы бағын ұшырды. Ресейдің бодандығына кірген қазақ қоғамы әлеуметтік-саяси және аумақтық тұтастығынан айырды. Төл мемлекеттің болмауымен қоса біртұтас ақпараттық кеңістіктің жоқтығы да жалпыұлттық идеяның өрісін тарылтты, жолын кесті деген болатын[2]. XX ғасыр басында Сәкен мен Мағымжанның, Әліби мен Әлиханнның ұстанған ұлттық мұраты барша қазаққа ортақ еді.

Қоғам, мемлекет – тағдыры тоқсан мың тарау адамдар қауымдастығы. Осылардың ортақ мұратын дөп басып анықтау, болмыс-бітімін сақтайтын өзіндік жолы ме болашағына дұрыс жөн сілтеу ойшылдардың ұйқысын қашырып, толғандырған еді. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары бұл міндетті шеше алды. Егер ұлттық идеяның мәні – ұлттың тағдыр анықтағыш тілегі, ниеті, оның ілгері қадам басуға жұмылдырушы фактор, күн тәртібіндегі басты мәселені шешуге бағытталған мазмұнды әрі кесек ой десек, осылардың жиынтық формуласы М.Дулатов дәйектеген «Оян қазақ!» тұғырнамасында жатыр. Автордың бас шығармасы иісі қазаққа қанша олжа салса, патшалық әкімшіліктің дегбірін сонша қашырған болатын. М.Дулатовты қамауға алып, кітап тәркіленген болатын. Осының өзінен-ақ 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі билікті ұстаған Мәскеудің пиғылын көрсетіп тұр. Аз мерзімнің ішінде Ұлы даланы қозғалысқа әкелген «Оян қазақ!» идеясы, мақсат-мұратына жетіп, 1917 жылдың жазынан оның орнын «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясы жалғаған болатын. Большевиктік билік қазақ халқына қисапсыз қасірет әкелетінін Алаш басшылары 1917 жылы-ақ ескертті.

Осылайша ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген. Алаш зиялылары мен оқығандары қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдылық, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай бәлу – бүгінге жеткен Алаш тағылымының ең құндылығы.

Ұлттық идея барша халықтың күш-жігерін, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған аса жауарты тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін күш. Өткен күндерден айғақ – дәлел келтіретін болсақ, XIX ғасыр ағында Россияда ұлттық идея міндетін «Самодержавие, православие, народность» деген ұран-терминдер атқарған болатын [3]. Кез келген мемлекетке ұлттық идея қажет, ал оның ұғым-түмінігі, атау-термині әр кезеңде әрқилы болып келуі объективті заңдылық.

Либералды-демократиялық бағыт ұстағандар Алаш автономиясын, Түркістан мұхтариятын жариялағанмен, метрополияның дүлей қысымы мен зорлығына төтеп бере алмаумен саяси аренадан ығыстырылған болатын. Большевиктер Алаш үнін тұншықтыру үшін күш қолданумен қатар Қазақ автономиясы идеясын өз пайдасына ұтымды жарата алды. Ақиқатына келгенде, қазаққа мемлекеттік құрылымы автономиядан төмен мәртебені ұсынуға жол қалмады. Соның өзі үш жылға созылып, 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР түрі жағынан ұлттық мемлекеттік құрылым көрінгенімен, мазмұны, өкілеттігі, миссиясы бойынша, қуыршақ мәртебесінде қалғанын тарих тағылымы сан рет дәлелдеді.

1925 жылдан бастап Алаш қайраткерлеріне қарсы саяси репрессияны ресми құжаттар да, мерзімді басылым материалдары анықтап бере алады. Егер мұрағаттардағы іс жүргізу құжаттары большевиктердің күшейіп келе жатқан террорының сан-қырлы тұстарын ашып берсе, баспасөз мәліметтері кеңестіктердің қаптаған қалың «ұлтшылдарға» қарсы аянбай күрес жүргізгенін дәлелдейді.

Себебі алаштық интеллигенцияны негізінен елдің орталығына жинаған болатын және оларға қарсы үлкен сот үдерісі даярланған болатын. Большевиктер 1922 жылдан бастап РКСФР Қылмыстық Кодексінің баптарымен соттауға мүмкіндік алған болатын [4]. Қудалау бағыты, бағдары Алаш зиялыларын ең жоғарғы жазалау шарасына апаратыны сөзсіз еді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
2. Әбжанов Х Ұлттық идея – Мәңгілік ел / Хакелді Әбжанов // Егемен Қазақстан.-2014.- №45.-6 наурыз.-5б.
3. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. – Астана: «Ана тіл-Ата тарих» баспа –зерттеу орталығы ЖШС., – 2007 – 272 б.
4. Отан тарихының іргелі мәселелері . Мақалалар жинағы / Жалпы редакциясын басқарған т.ғ.д., профессор Мұсағалиева А.С.- Астана, 2013.-344 б

ӨОЖ 93/94

### **ТАРИХТЫҢ ПОСТМОДЕРНДЫҚ ПАРАДИГМАСЫ**

**Аманбекова Сабина Ерлановна**

sabina.amanbekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің II курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі—Ерменбаева Г.К.

Тарихи білім қазіргі уақытта маңызды, кейде радикалды, зерттеу көзқарастары мен ұғымдарының өзгеру процесінде. Бұл қоғам өмірінде орын алған бірқатар оқиғаларға, мәдениет, философиялық және ғылыми білімдердегі жаңа құбылыстарға байланысты. XX ғасырдағы ауқымды әлеуметтік-саяси өзгерістер, соғыстар мен революциялар тарихи үдерістің қозғаушы күштері туралы, тарихи даму барысында заңдар туралы, тарихтың мақсаты мен мағынасы туралы мәселені көтерді. Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің дәстүрлі схемаларында бұзылулардың пайда болуы. Осындай сезімнің ең жарқын мысалы - постмодернизм философиясы.

Постмодернизм көптеген интеллигенцияның ағартушылық идеологиясына реакциясы болды, сондықтан оны көбінесе пост-ағартушылық идеология деп атайды. Классикалық рационалдылықтың орнына оның детерминистикалығы анықталғандықтан, ақылға қонымдылығына адалдық, постмодернистік тұрақсыздық, радикалды гетерогендік, үздіксіз дифференциация, кез-келген тәртіптілік пен нысанның анықтылығы келіп түседі.

Неміс философы Макс Мюллер постмодернизмнің туған күнін 1968 жылы жаппай білім беру жылы деп атайды. Оның пікірінше, бұл жағдайдың негізі «мағынаны жоғалту» деп атауға болатын еді. Егер қоғамда «мағынасы» жоғалып кетсе, онда нигилизмнің, анархияның, қоғам алдындағы кез келген міндеттер мен міндеттердің жойылуына, барлық және барлық нормалардың жоқ болуына қолайлы жағдайлар туындайды. Семантикалық өрістен шыққан бұл